«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR ACCREDITATION AND RATING

ЕРЕЖЕ

білім беру ұйымдарын мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу рәсімінің регламенті бойынша

«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ
НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»
INDEPENDENT AGENCY FOR ACCREDITATION AND RATING

«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» КЕМ Директорының 30.04.2016 жылғы № 13/1-16-ОД бұйрығымен бекітілді
(2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 82-18 / 1-ОД бұйрығымен өзгертулер мен толықтырулармен енгізілген)

Білім беру ұйымдарын мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу рәсімінің регламенті бойынша ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеуді, оның ішінде білім беру ұйымының (бұдан әрі-ББҰ) білім беру бағдарламасын аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің (бұдан әрі – IAAR) белгіленген стандарттарына сәйкестігіне мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеуді (ex-Ante) жүргізу тәртібін белгілейді.

1.2 Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу ББҰ іске асыратын жеке білім беру бағдарламасының (бұдан әрі – БББ) сапасын бағалау және оның сапасы туралы объективті ақпарат беру және оны арттырудың тиімді тетіктерінің болуын растау мақсатында жүргізіледі.

1.3 Сапаны сыртқы бағалау, мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу рәсімі және IAAR Аккредиттеу кеңесінің шешімдері аккредиттеу стандарттарымен және агенттіктің ішкі нормативтік құжаттарымен белгіленеді және реттеледі.

1.4 ББҰ білім беру бағдарламасын сыртқы бағалау келесі қағидаттарға негізделеді: объективтілік, тұтастық, ашықтық, айындық, ақпарат көздерінің сенімділігі, моральдық-этикалық нормаларды сақтау.

1.5 ББҰ мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу ерікті негізде жүзеге асырылады, ББҰ аккредиттеу органын таңдауда дербес болады.

1.6 Аккредиттеуді өткізу шарттары мен мерзімдері ББҰ және IAAR арасындағы аккредиттеуді өткізу туралы шартта айқындалады.

1.7 ББҰ аккредиттеу білім беру ұйымының қаражаты есебінен жүргізіледі.

2. Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу туралы өтінішке және қоса берілетін құжаттарға қойылатын талаптар

2.1 Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеуден өту туралы ББҰ ұсынған

өтініш және осы Ереженің 2.3-тармағында көрсетілген оған қоса берілетін құжаттар мен мәліметтер негізінде жүргізіледі.

2.2 Өтініш келесі мәліметтерді қамтиды:

2.2.1 өтініш берушінің заңды мәртебесі (толық атауы, орналасқан жері, телефоны, факсы, электрондық пошта мекенжайы, веб-сайт, есеп айырысу шоты, банк деректемелері);

2.2.2 өтініш беруші басшысының лауазымы, толық аты-жөні;

2.2.3 аккредиттеу жөніндегі органмен байланыс жасауға жауапты қызметкердің толық аты-жөні, телефоны;

2.2.4 ББҰ білім алушыларының жалпы контингенті;

2.2.5 білім беру бағдарламасының атауы, ББББ деңгейі (мысалы, бакалавриат, магистратура және т. б.), берілетін біліктілік (дәреже), оқу мерзімі (4 жыл, 5 жыл немесе басқа), контингент (барлық оқу жылдары бойынша), аккредиттеуге мәлімделген ББББ бойынша студенттердің бітіруінің болуы;

2.2.6 институционалдық аккредиттеу туралы құжаттың нөмірі және қолданылу кезеңі (аккредиттеу болған кезде);

2.3 Егер осы Ережеде өзгеше көзделмесе, ББҰ өтінішке қоса береді:

2.3.1 мемлекеттік лицензияның және лицензияға қосымшалардың көшірмесі немесе білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін құжат;

2.3.2 ББҰ қысқаша ақпараты (IAAR шекті талаптарына сәйкестігі).

3. Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеуден өтуге өтінішті қабылдау

3.1 Өтініш пен қоса берілетін құжаттарды ББҰ IAAR-ға мынадай тәсілдердің бірімен ұсынады:

3.1.1 қағаз тасығышта;

3.1.2 электрондық қолтаңбамен қол қойылған электрондық құжат немесе IAAR-ның ресми электрондық поштасына жіберілген сканерленген құжат нысанында.

3.2 IAAR 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде қоса берілген құжаттармен өтінішті зерделейді және ББҰ білім беру бағдарламасы белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде аккредиттеу рәсімі туралы қысқаша ақпаратпен құны бойынша ұсыныс жібереді.

3.3 IAAR ББББ сәйкес келмеген жағдайда, белгіленген талаптарға (сәйкессіздіктерді көрсете отырып) байланысты өтінішті қабылдау мүмкін еместігі туралы хабарлама жібереді.

3.4 IAAR өтінішті және қоса берілген құжаттарды қабылдағаннан кейін сәйкестендіру нөмірін бере отырып, ББҰ аккредиттеу ісін жасайды, ол IAAR Құжаттандыру және құжаттаманы басқару қағидаларында белгіленген тәртіппен агенттікте сақталуға жатады.

3.5 ББҰ білім беру бағдарламаларын мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеумен бірлесіп институционалдық аккредиттеуден өтуге өтініш беруге құқылы.

3.6 ББҰ мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеуден өтпеген немесе оны мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеуден айырғаннан кейін кем дегенде 1 (бір) жылдан кейін өтініш беруге құқылы.

4. Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеуді жүргізу рәсімі

4.1 IAAR ББҰ сұрауы бойынша ББҰ жұмыс тобы үшін стандарттар мен мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу нұсқаулығының өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзі бағалау бойынша есепті дайындау бойынша семинар-тренинг ұйымдастырады. Бұл семинар-тренинг ерікті рәсім болып табылады.

4.2 ББҰ стандарттар мен IAAR мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу нұсқаулығымен белгіленген талаптарға сәйкес өзін-өзі бағалауды жүргізеді. ББҰ бірінші басшысының қолы қойылған қорытынды есеп IAAR-ға электрондық нұсқада және қағаз тасымалдағышта 1 (бір) данада жіберіледі. Өзін-өзі бағалау жөніндегі есепті беру мерзімдері Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеуден өту туралы шартпен реттеледі.

4.3 IAAR мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу шеңберінде сыртқы сараптау комиссиясының (бұдан әрі – ССК) бір сапары ішінде 30-дан аспайтын ББББ-сын бағалай алады. Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу рәсімін жүргізу кезінде IAAR кластерлік тәсілді пайдаланады.

ББББ кластері оқыту тілі мен білім деңгейі мен дайындық бағытына қарамастан, 6-дан аспайтын біртекті білім беру бағдарламаларын бір топқа біріктіру ретінде айқындалады. Болжамды кластерлер және білім беру бағдарламаларын кластерлерге біріктіру қағидаттары бағаланатын ББҰ-мен алдын ала талқыланады.

Ақпарат көздерінің объективтілігі, транспаренттілігі, тексерілуі және қолжетімділігі қағидаттарына негізделген «Кластерлік тәсіл» әрбір кластер бойынша ББҰ өзін-өзі бағалауы бойынша есеп жазуды көздейді. ББҰ сұрауы бойынша өзін-өзі бағалау туралы есеп жеке ББББ бойынша жазылуы мүмкін.

«Кластерлік тәсіл» білім беру бағдарламаларын кластерлік бағалауды білдірмейді. ССК әрбір ББББ-ны жеке қарайды және бағалайды, сондай-ақ IAAR Аккредиттеу кеңесі әрбір жеке білім беру бағдарламасы бойынша шешім қабылдайды.

4.4 Бірлескен институционалдық және мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу туралы берілген өтінімнің негізінде ББҰ кластерлік тәсілді ескере отырып, IAAR институционалдық және мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандарттары мен нұсқаулықтарында белгіленген талаптарға сәйкес өзін-өзі бағалауды жүргізеді. Бірлескен аккредиттеу кезінде ССК бір сапары ішінде 30-дан аспайтын ББББ-ны бағалауға жол беріледі.

Институционалдық аккредиттеу жеке қаралады.

4.5 IAAR 1 (бір) ай ішінде өзін-өзі бағалау бойынша материалдарды пысықтау жөнінде ұсынымдар әзірлейді немесе IAAR сараптау

комиссиясының сыртқы сараптамалық бағалау сапарын өткізу туралы шешім қабылдайды. Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандарттарының өлшемдеріне сәйкес келмеген жағдайда IAAR ССК сапарының мүмкін еместігі туралы шешім қабылдайды.

4.6 Өзін-өзі бағалау бойынша есеп стандарттарға және мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу нұсқаулығына сәйкес келген жағдайда, IAAR бір ай ішінде ББҰ барып БББ-ға бағалау жүргізу үшін сараптамалық комиссия құрады. Сыртқы бағалауға IAAR сарапшыларының дерекқорынан және (немесе) шетелдік серіктес аккредиттеу агенттіктерінен сертификатталған сарапшылар қатысады. Сыртқы тексеру көлеміне және білім беру бағдарламаларының санына қарай комиссияның сандық құрамы қалыптастырылады. Комиссия құрамына академиялық, кәсіби және студенттік қоғам өкілдері кіреді.

4.7 IAAR ББҰ-мен мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу рәсімі бойынша ССК сапарын өткізу мерзімдерін келіседі.

4.8 Сапар бағдарламасын ССК төрағасы және IAAR ББҰ қатысуымен әзірлейді. ББҰ басшысымен келісілген ССК сапарының бағдарламасы IAAR директорымен ББҰ-ға сапардан кемінде 2 (екі) апта бұрын бекітіледі.

4.9 ССК-ның ББҰ-ға келу ұзақтығы 3-5 күнді құрайды. Сапар барысында ББҰ Қызмет көрсету туралы шартқа сәйкес ССК жұмысы үшін жағдай жасайды:

– ССК әрбір мүшесі үшін жұмыс орнын қамтамасыз ете отырып, ССК жұмысына арналған кабинетті ұсынады;

– комиссия мүшелерінің әрқайсысы үшін өзін-өзі бағалау жөніндегі есептің электрондық және қағаз нұсқасын ұсынады;

– IAAR өкілімен және ССК мүшелерінің санымен келісім бойынша қажетті заманауи электрондық кеңсе техникасын ұсынады;

– ССК сапарының бағдарламасына сәйкес инфрақұрылым мен ресурстарды көзбен шолып қарауды, кездесулерді, сауалнамаларды, сұхбаттарды және ССК жұмысының басқа да түрлерін ұйымдастырады;

– сұратылған ақпаратты ұсынады;

– ССК жұмысының фототүсірілімін ұйымдастырады.

4.10 Сапар аяқталғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде ССК ББҰ сыртқы бағалау бойынша есеп дайындайды.

4.11 Есеп сапардың сипаттамасын, ББҰ білім беру бағдарламасының IAAR стандарттарына сәйкестігін бағалауды, ББҰ білім беру бағдарламасының сапасын жақсарту бойынша ұсынымдарды, сондай-ақ Аккредиттеу кеңесіне ұсынымдарды қамтиды. Аккредиттеу кеңесінің ұсыныстарында шешім қабылдау үшін ұсынымдар (аккредиттеу / аккредиттемеу) және әрбір білім беру бағдарламасы бойынша аккредиттеудің ұсынылатын мерзімі қамтылады.

4.12 Ұсыныстарды қоса алғанда, ССК есебін ССК мүшелері алқалы түрде қалыптастырады. ССК мүшелерінің бірінде ССК мүшелерінің көпшілігімен

сәйкес келмейтін өзге шешім қалыптастырылған жағдайда, бұл есеп мәтінінде тіркеледі.

4.13 Аккредиттеу кеңесі ББҒ мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу туралы шешім қабылдайды, оның негізі ССК сапарының нәтижелері бойынша есеп және ББҰ білім беру бағдарламасын өзін-өзі бағалау бойынша есеп болып табылады.

4.14 Серіктес агенттіктермен бірлескен мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу жүргізілген жағдайда аккредиттеуді жүргізу рәсімі әріптестер арасында әзірленген жекелеген құжаттармен реттеледі.

5. Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу туралы шешім қабылдау

5.1 Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу мәртебесін беру және қолданылу мерзімі (1, 3, 5 және 7 жыл) туралы шешімді Аккредиттеу кеңесі қабылдайды. Отырыс кворум болған жағдайда өткізіледі. Аккредиттеу кеңесі ССК ұсынымдарына сәйкес келмейтін шешім қабылдауға құқылы.

5.2 Аккредиттеу кеңесі келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

- аккредиттеу:

1 жыл – жалпы өлшемшарттарды сақтай отырып, бірақ елеулі кемшіліктер мен жақсарту мүмкіндіктері болған кезде;

3 жыл – тұтастай алғанда оң нәтижелермен, бірақ жекелеген кемшіліктер мен жақсарту мүмкіндіктері болған кезде;

5 жыл – жалпы оң нәтижелер кезінде;

7 жыл – қайта аккредиттеу (реаккредиттеу), жалпы оң нәтижелер және IAAR-да бұрын 5 жыл мерзімге аккредиттелген білім беру бағдарламасының аккредиттеуден кейінгі мониторингінен сәтті өткен кезде.

- аккредиттемеу.

5.3 Аккредиттеу кеңесі оң шешім қабылдаған кезде IAAR ББҰ-ға, шешім нәтижелері мен мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу туралы куәлік бар, IAAR директоры қол қойған ресми хат жібереді. IAAR ББҰ білім беру бағдарламасын аккредиттеу туралы шешімді білім беру саласындағы уәкілетті органға жібереді және аккредиттеу нәтижелері туралы ақпаратты өзінің ресми сайтында аккредиттелген білім беру бағдарламалары (Тізілім) бөлімінде жариялайды. Сайтта сондай-ақ ССК есебі жарияланады.

Медициналық білім беру ұйымдарының (жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру) ББҒ аккредиттеуден оң нәтижемен өткен жағдайда IAAR аккредиттеу туралы куәлік береді, оған Аккредиттеу кеңесінің төрағасы және IAAR директоры қол қояды.

5.4 Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу туралы куәлікті алғаннан кейін ББҰ өзінің ресми сайтында өзін-өзі бағалау жөніндегі есепті орналастырады. IAAR ББҰ келісімі бойынша өзін-өзі бағалау жөніндегі есепте көрсетілген құпия ақпаратты орналастырмау құқығы бар.

5.5 Аккредиттеу кеңесі теріс шешім қабылдаған кезде IAAR шешімді негіздей отырып, ББҰ-ға хат жібереді.

5.6 ББҰ Апелляциялар мен шағымдарды қарау жөніндегі Комиссия туралы Ережеге сәйкес IAAR-ға Аккредиттеу кеңесінің шешіміне апелляцияны жібере алады. ССК және IAAR өкілдерінің құзыреттілігіне күмән туындаған немесе ССК мүшелері жіберген өрескел бұзушылық жағдайында ББҰ IAAR-ға шағым жолдай алады.

5.7 Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу регламентіне сәйкес аккредиттеу рәсімі аяқталғаннан кейін білім беру ұйымдарын және (немесе) білім беру бағдарламаларын аккредиттеуден кейінгі мониторинг рәсімі жөніндегі Ережеге сәйкес аккредиттеуден кейінгі мониторингті қамтитын кейінгі рәсімдер көзделген.

5.8 Егер ББҰ мамандандырылған (бағдарламалық) қайта аккредиттеуден (IAAR-да қайта аккредиттеуден) өту туралы шешім қабылдаса, онда ББҰ қайта аккредиттеуден өтуге өтініш, ББҰ аккредиттеуден кейінгі мониторинг рәсімі білім беру ұйымдарының және (немесе) білім беру бағдарламаларының аккредиттеуден кейінгі мониторингі рәсімі бойынша Ережеге сәйкес сәтті өткен жағдайда, ББББ аккредиттеу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 6 (алты) ай бұрын берілуі тиіс.